|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>үлестерін қосуды үйрету; қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету.</p> <p>Қауіпсіздік. Табиғи материалдарды жапырақтарды ауызға салмауды қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p>Қазақ халқының ұлттық ойыны.</p> <p>«Қарақұлақ». (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдығын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.</p> <p>"Гүлдер мен аралар"</p> | <p>жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік.</p> <p>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп,</p> | <p>қорғаушылар тудың қасында тұрады.</p> <p>Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.</p> <p>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.</p> <p>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.</p> <p>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады.</p> <p>Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.</p> <p>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды кегли арасымен баяу және</p> | <p>қалыптастыру; белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. кеңістікте бағдарлау мен ойын дағдыларын дамыту.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p>"Ақсүйек" қазақ халық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар</p> | <p>Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барындар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады.</p> <p>"Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.</p> <p>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br/> Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар). "Допты ұстап ал" ойыны. (дене тәрбиесі)<br/> Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру. Дене тәрбиесі бойынша жеке</p> | <p>Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br/> Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру;</p> | <p>ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. "Өнегелі тәрбие". Экология. Еңбек тапсырмалары: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды, әдемі жапырақтарды, жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру, өздігінен орындауға ынталандыру. Қауіпсіздік. Табиғи материалдарды ауызға салмауды қадағалау. Балалардың еркін ойыны.</p> | <p>ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздендер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.</p> | <p>ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>жаттығулар.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Допты қағып алу және лақтыру</p> <p>жаттығулары.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> | <p>секіріп жылжығанда мұқият болуға, шеңбердің шетін баспауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: үш-төрт шеңбер.</p> <p>"Өзен көпірімен өтеміз"</p> <p>қимылды жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Бөрененің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бойымен, тепетендікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту, физикалық қасиеттерді жетілдіру.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> |  | <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын жерге түскен, құрғақ жапырақтардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; жапырақтарды қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік.</p> <p>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: қоқымды бір-біріне шашпау, ауызға салмау.</p> <p>"Өзен көпірімен өтеміз"</p> <p>қимылды жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Бөрененің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бойымен, тепетендікті сақтап, жүре білу қабілетін</p> |  |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                                     |
|--------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                          |                                                                                                                   | дамыту, физикалық қасиеттерді жетілдіру. Балалардың еркін ойыны.                                                                   |                                                                                                                     |
| <b>Серуеннен оралу</b>         | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                                     |
| <b>Түскі ас</b>                | <p>"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Кесе, шыны, пияла</p> <p>Оларсыз шай құя ма?</p> <p>Қасықсыз тамақ жемейді,</p> <p>Бәрінің атын не дейді?</p> <p>Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> |                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                                     |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>           | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| <b>Ұйқыдан біртіндеп ояту,</b> | <p>Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                                     |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>сауықтыру шаралары</b>                                                                                                                                     | Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | "Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады (орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... -лар...». Осы сәтте | «Күн мен жаңбыр» азқимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету. Ойын шарты. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. «Жаңбыр жауды!» деген дауыс естілгенде балалар пана іздеп, кішкентай үйлерге тығылады. «Күн шықты!» деген белгі естілгенде балалар алаңға қайта шығады, ойындарын жалғастырып ойнайды. "Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы. (мүсіндеу) | "Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет) «Дана қуыршақ дүкенге барды» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. | "Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттығады; сөздік қорын молаяды; ойлау қабілеті дамиды. «Дана қуыршақты тамақтандыру» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, сөйлеуін белсендіру, тамақтану әдебіне тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: Дана қуыршақ, ойын | «Тамшылар мен жауын» музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға ұзақ және қысқа дыбыстарды, әуеннің ритмін ажыратуды үйрету. – Балалар, ойынның аты «Тамшылар мен жауын» деп аталады. Қазір екі топқа бөлінесіңдер. Музыкалық жетекші балаларға аудиожазбаларды тыңдатады. Жауын мен тамшылардың дыбысын бөлек тыңдатқызып, сол жауынның жылдамдығын немесе тамшыны қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Тоқтаусыз жауын – ұзақ шапалақтау. |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>(қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Қойлар мен қойшы" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара білуді үйрету. Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады. "Қойшы шықты ертемен,</p> | <p>тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың белгі бойынша ойнай білу қабілеттерін, жылдамдығын, ептілігін дамыту; көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін</p> | <p>Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта</p> | <p>дағдыларын дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.</p> |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>Қойларын бағып далаға.</p> <p>Қойлар маңырайды, Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p> <p>"Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету.</p> <p>Өнегелі тәрбие. Экология. Еңбек тапсырмалары: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау.</p> | <p>"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: үш-төрт шеңбер.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.</p> | <p>қалыптастыру.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу.</p> <p>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.</p> | <p>жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық</p> <p>Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.</p> <p>«Қайда шылдырлайды?» кимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p> <p>"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде</p> |  |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |
|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                        | <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру, өздігінен орындауға ынталандыру.</p> <p>Қауіпсіздік. Табиғи материалдарды ауызға салмауды қадағалау.</p> <p>Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>        |  |  | <p>жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: үш-төрт шеңбер.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.</p> |  |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету.</p> <p>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                               |                                                                                                              |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                           |
|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                      | Дос бол сабын су мен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз, түнде де.<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                               |                                                                                                              |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                           |
| <b>Түскі ас</b>      | «Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.<br>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.<br>Ыстық ас, тамақ -<br>Бізге тоқ болмақ.<br>Миымызға, денемізге<br>Күш-қуат тараппақ. (Д. Ахметова)<br>Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) |                                                                                                                                               |                                                                                                              |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                           |
| <b>Күндізгі ұйқы</b> | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>(музыка) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.<br>"Әлди-әлди" әні<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>«Етікші» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| <b>Ұйқыдан</b>       | Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                               |                                                                                                              |                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                           |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                                                     | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | Вариатив /Шығармашылық "Пеште тандыр нан пісіреміз". Ұжымдық жұмыс. Мақсат-міндеттер. Балалардың нанның қасиеті туралы білімдерін кеңейту; тандыр нан жөнінде ұғым беру; тандыр нанның дөңгелек пішінінің ерекшеліктеріне мән беріп, оның дайындалу жолдарын үйрету. Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай". Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу) | "Нені, қайдан алуға болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет) «Қаржылық сауаттылық». "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, | "Ненің төлі жоқ?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажыратуды, жануарларға күтім жасауға, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол; құстарды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру; қазақ | "Сыңарын тап" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Зертеу іс-әрекеті Мақсат-міндеттер: Күзгі ағаштардың діндерін зерттейді. Сурет салудан жаттығулар. "Жаңа бояуды жасайық". | "Кім тез жинайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) "Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)</p> <p>Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)</p> <p>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)</p> <p>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу)</p> <p>Жалпақтап. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> | <p>тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету.</p> <p>Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; қалаған заттарды қаражатқа алмастыруға болатынын түсіндіру; көп, аз, тең туралы ұғымдарды бекіту.</p> <p>Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.</p> <p>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған</p> | <p>тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>"Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы.</p> <p>(математика негіздері, дене тәрбиесі)</p> <p>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту.</p> <p>Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады:</p> <p>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.</p> | <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану; қауіпсіздік ережелерін ұстану.</p> <p>Балалардың жаңа түстерді жасауға деген қызығушылығын арттыру.</p> | <p>ересектермен диалог құруға үйрету.</p> <p>Балалардан қайда болғанын сұрау.</p> <p>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.</p> <p>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды.</p> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                  |
|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              |                                                                                                                                                                                                 | <p>дөңгелектер.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу.</p> | <p>- Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.</p> <p>- Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз.</p> <p>- Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.</p> |                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                  |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <p>Күзгі табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Күзгі табиғат құбылыстарының</p> | <p>"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (тіл дамыту</p>                                                                                                                          | <p>"Бір сөзбен ата" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға көгөністер мен жемістерді жалпылауды және оларды бір сөзбен атауды үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>                                                                     | <p>Н. Әлімқұлов «Күз».</p> <p>(тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді.</p> | <p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Сөздік қорларын жеміс пен көгөніс атауларына толықтыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                      |  |  |  |
|--------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|--|--|--|
|                          | <p>ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Рамазан Тышқанбаев "Жаңбыр".</p> <p>Бұлттар,<br/>Тұрмай ауа бер,<br/>Жаңбыр бол да,<br/>Жауа бер.</p> <p>Жазыққа бар,<br/>Тауға бар.<br/>Бақшаға бар,<br/>Бауға бар.<br/>Белес-белес белге бар,<br/>Сусап жатқан шөлге бар.</p> <p>Әр тамшыңды<br/>үлессін,<br/>Шалғын қаулап<br/>Гүл өссін!</p> | және көркем әдебиет) |  |  |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>                                                                             |                      |  |  |  |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Серуен</b></p> | <p>Аспанды бақылауды жалғастыру.<br/>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балаларға өлі табиғат туралы алғашқы білім беру; көк аспанның кеңдігін тамашалауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлттың қозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.<br/>Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау.</p> | <p>«Қауіпсіздік».<br/>Мысықты бақылау.<br/>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Мысыққа тән ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту; үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту; байқағыштыққа тәрбиелеу.<br/>Қадыр Мырза Әли "Мысық".<br/>Мысық отыр, Ұйқысы әбден қысып отыр,<br/>Май берейін, Шайнап отыр, Тышқан берейін, Ойнап отыр!<br/>«Тышқандар қамбада» қимыл-қозғалыс ойыны.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері: балалардың ойын</p> | <p>Солған шөпті бақылау.<br/>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br/>Мақсат-міндеттер: балаларға күздегі солғанына назар аудару; солуды күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерге байланыстыру; айналадағы жанды табиғатты бақылауға жетелеу.<br/>Н. Әлімқұлов «Күз». Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға Шақырады біздерді.<br/>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге</p> | <p>Кешкі күнді бақылау.<br/>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br/>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру; күннің оларға тікелей байланысты екенін түсіндіру; кешкі уақытта күннің күндіздей жарқырамайтынын байқату.<br/>Қауіпсіздік. Күнді бақылауда көзіне қарамауды ескерту, пленканы қолдануды ұсыну.<br/>Күннің кешке қарай көкжиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру.<br/>Күнмен ойнама, Көзіне тура қарама,</p> | <p>Терезеден қолайсыз ауа-райын бақылау.<br/>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br/>Мақсат-міндеттер: ауа-райында болып жатқан құбылыстарды байқауға машықтандыру; өлі табиғат құбылыстары жайында алғашқы түсініктерді беру; аспанды сұр бұлттардың жаулап алғаны - жаңбырлы күнге тән құбылыс екеніне көз жеткізу; бақылағыштыққа тәрбиелеу.<br/>Жаңбыр жауып тұр, серуенге шығуға болмайды.<br/>Жаңбыр сулы, жерге, өсімдіктерге тамшылайды, жолдағы барлығы су.<br/>Адамдар қолшатыр ұстап келеді.<br/>Жеке жұмыс: жаттамақ</p> |
|----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Абдрахман Асылбек "Бұлт"</p> <p>Көрген сайын аспанда Ала шарбы бұлтты, Әжем түткен ақшамда Елестетем түбітті. Жан-жануар, аңдардың Кейпіне де келеді. Кейде ақсақал шалдардың Бейнесін де береді. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, шапшаңдыққа</p> | <p>ережелері бойынша ойнауға деген қызығушылығын және дағдыларын дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек</p> | <p>сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; қимыл шапшаңдығы мен</p> | <p>Күн - мың оттай шам кәдімгі, Жарығымен аямады ешкімді, Күні бойы сөнбейді, Түнде тау артына Тығылып, көрінбейді. (Д. Ахметова) "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; (вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар "күн"</p> | <p>жаттау, "Жаңбыр". Жаңбыр, жаңбыр төк-төк, Болсын егін көп-көп. "Қоян қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді тыңдап, сөзіне сәйкес қимыл-қозғалыс жасауды дағдыландыру; секіруге ерекше көңіл бөлу. «Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңды тарашы!» "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша бір бағытта жүгіруге машықтандыру; балалардың бір-біріне соғылмай жүре білу қабілетін дамыту. Балалардың шығарылған материалмен ойындары. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>тәрбиелеу.<br/>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br/>Қазақ халқының ұлттық ойыны.<br/>«Қазан». (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br/>Құралдар: асықтар, шеңбер.<br/>Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың</p> | <p>тапсырмалары:<br/>ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br/>Қауіпсіздік.<br/>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.<br/>Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді</p> | <p>жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу.<br/>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:<br/>ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br/>Қауіпсіздік.<br/>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.<br/>Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру,</p> | <p>дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады.<br/>"Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер:<br/>балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.<br/>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:<br/>ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br/>Қауіпсіздік.</p> | <p>ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br/>Қауіпсіздік.<br/>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                         |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |
|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                        | <p>ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>Қауіпсіздік. Еңбек әрекеті: курап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).</p> <p>Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.</p> <p>Құралдары: қолғаптар, қаптар.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.</p> | <p>дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.</p> | <p>дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.</p> | <p>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.</p> <p>Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту.</p> |  |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>Серуеннен оралу кезінде</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильмін қосу</p> <p>Жуыну әні</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                         |                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                               | <a href="https://bilimkids.kz/media/video/umyvaemsya-vmeste">https://bilimkids.kz/media/video/umyvaemsya-vmeste</a> (мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|  | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар "Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету. "Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.</p> | <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Әженің бауырсақтары".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту.</p> | <p>«Қаржылық сауаттылық». Ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Балаларға негізгі экономикалық ұғымдарының бірі, жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықшалармен таныстыру; «бір», «көп» ұғымдарын ажыратуға көмектесу; қоғамдық орындардағы мінез — құлық ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар</p> | <p>Сурет салудан ойын-жаттығулар "Тандыр нан".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың</p> | <p>"Бауырсақ" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Театр өнеріне машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                          | <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.</p>                                                                                                                                                                                                                                                       |  | <p>"Ақ бидай".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту.</p> <p>"Қандай тағам?"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.</p> | <p>ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.</p> <p>Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай".</p> <p>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)</p> <p>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)</p> <p>Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)</p> <p>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)</p> <p>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айкастыру)</p> <p>Жалпақтап.</p> |  |
| <b>2-ші таңғы ас</b>     | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                                                          |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету; белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтәңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |

|               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|               | <p>дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Апайдың сөзін тыңдайық,<br/>Жамандықтан сақ болайық,<br/>Қауіпсіздік ережелерін<br/>Біліп жүріп орындайық.<br/>Бейтаныс жағдай болса -<br/>Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуен</b> | <p>Күн - жылу мен жарық көзін бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <p>Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама</p> | <p>«Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жүк көлігі туралы түсініктерін қалыптастыру, оның қызметі мен сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.</p> | <p>Ауа райын бақылауды жалғастыру (бұлтты күн). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру; бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Мүбәрәк Жаманбалинов "Жаңбыр" Аспанда бұлт түйілді,</p> | <p>Жерге түскен жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күзгі маусымдық өзгерістермен таныстыру; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>пысықтау, талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу.</p> <p>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.</p> <p>- Күнге қарағанда өзінді қалай сезінесің?</p> <p>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?</p> <p>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.</p> <p>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.</p> | <p>беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.</p> <p>"Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)</p> <p>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.</p> <p>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.</p> <p>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан қурап түскен ұсақ бұтақтарды</p> | <p>Гүрілдеп жүремін мен, Бақтан алма әкелем.</p> <p>Қанекей, қақпаны ашыңдар, Аула жолынан қашыңдар.</p> <p>Төгілген аулаға Алманы да, картопты да, Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға.</p> <p>(Д. Ахметова)</p> <p>Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші басқаратынын түсіндіреді. Машинада кузов, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады.</p> <p>Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан</p> | <p>Жерде ойнатты құйынды.</p> <p>Табиғат отпен қол қойып, Ақырып бұлтқа бұйырды:</p> <p>Жу егінді, бақшаны! Көшедегі бас шаңды, Бұлт бұйрықтан аспады, Жаңбыр жауа бастады.</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс!</p> | <p>Ш. Ахметов «Күз».</p> <p>Бұлттар төніп, Жерге шөгіп, Дымқыл тұман басады.</p> <p>Шөп сарғайып, Өңі тайып, Дала сұрқы қашады.</p> <p>Ал, балалар, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбақ жасыру.</p> <p>Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.)</p> <p>Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Күн көзінде заттың қызатынына қорытынды жасау. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Күн түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір"</p> | <p>жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп,</p> | <p>түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға</p> | <p>(бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру;</p> | <p>ниеттерін қолдау; өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, такпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді,</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>("күн шықты"), "тұр" ("түн түсті") белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. «Тышқандар қамбада» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балалардың ойын ережелері бойынша ойнауға деген қызығушылығын және дағдыларын дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған</p> | <p>Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Тауық пен түлкі" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру, ептілікті дамыту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын,</p> | <p>күрделі ережелерді енгізу; шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орнына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды</p> | <p>вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. "Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,</p> | <p>Аю жидегін береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>материалмен ойындар.</p> <p>"Шеңберге дәлде".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Нысанаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> | <p>күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.</p> <p>"Кім мәреге жетеді?"</p> <p>қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Белгіге дейін қос аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p> | <p>ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: асықтар, шеңбер.</p> <p>Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді.</p> <p>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен</p> |  |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                |                                                                                                           |                                                                                                             |                                                                                                           |
|----------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                |                                                                                                           | өзара әрекет ету<br>біліктілігін<br>қалыптастыру.                                                           |                                                                                                           |
| <b>Серуеннен<br/>оралу</b> | <p>Балалардың киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Таза сумен Арман,<br/>Беті-қолын жуды.<br/>Оған қарап Балжан,<br/>Суға қолын созды.<br/>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                |                                                                                                           |                                                                                                             |                                                                                                           |
| <b>Түскі ас</b>            | <p>Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.</p> <p>Асты шашпай, төкпей іш,<br/>Сораптамай, баппен іш.<br/>Келген асты алдыңа<br/>Тауысып іш, қалдырма.</p> <p>Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> <p>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> |                                                                                                                |                                                                                                           |                                                                                                             |                                                                                                           |
| <b>Күндізгі<br/>ұйқы</b>   | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету.<br>"Алтын жұмыртқа" ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>«Жалқау мысық» ертегісін оқып беру. | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) |

|                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | әдебиет)                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                            | (тіл дамыту және көркем әдебиет)                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                 | <p>Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянганда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет.</p> <p>1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады.</p> <p>2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады.</p> <p>3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді.</p> <p>4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді</p> <p>Төсектен тұрғызу. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                   | <p>Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті,</b> | <p>Құрастырудан ойын-жаттығулар</p> <p>"Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>"Бұл қай кезде болады?"</p> <p>дидактикалық ойыны.</p> <p>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойларымен бөлісуге үйрету; ойлау, есте сақтау</p> | <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Асхана". (қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін,</p> | <p>STEAM Art.</p> <p>«Геометриялық фигуралардан суретті жина» ойыны</p> <p>(математика негіздері, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p><a href="https://bilimkids.kz/steam/76?l=4">https://bilimkids.kz/steam/76?l=4</a></p> <p>Міндеттер: балалардың шығармашылық қиялын, ойлауын, зейінін, жазықтыққа</p> | <p>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Жиһаз және оның мақсаты туралы білімді бекіту.</p> <p>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.</p> |

|                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>кітап қарау және басқалары)</b></p> | <p>жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату. «Бауырсақтың жолы» дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Балаларды ертегі мазмұнын естерінде қайта жаңғыртуға ынталандыру. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Құрал-жабдықтар:</p> | <p>қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы. Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру. "Тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Тоқаштардың бояу. (сурет салу) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Ұлттық ойын. Көтермек (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін, ептілікті дамыту. Ортаға екі ойыншы бала</p> | <p>оларды сақтауға ынталандыру; бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Мүсіндеу. "Тәтті тоқаштар". Мақсат-міндеттері. Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу; бөлу, дөңгелектеу тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік түрлерін (тоқаштарды) мүсіндеуге үйрету.</p> | <p>бағдарлануын дамыту; геометриялық фигуралардан әртүрлі бейнелерді құрауды, оларды бір сюжетке біріктіруге жаттықтыру; достарына өз жұмысы туралы айтуға, шағын әңгіме құрастыруға итермелеу; табандылыққа, жүйелілікке тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар Геометриялық фигуралар жинақтары. «Қаржылық сауаттылық». "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тауар мен қаражат алмасу, әрекеттерін игерту; барлық нәрсенің құны және бағасы бар болғаны туралы түсіндіру; еңбекке,</p> | <p>Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға: - Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру,</p> |
|-------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | «Бауырсақтың жолы» атты карточкалар (үй, қоян, қасқыр, аю, түлкі бейнеленген сурет), түсті борлар. | шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. |                                                                                                                 | еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. | математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | Артикуляциялық жаттығулар. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық   | "Жауын" тақпағын жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде табиғи құбылыстардың                                                                                  | Артикуляциялық жаттығулар. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық жаттығу арқылы | "Таңертең" тақпағын жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Жаңа                                                                               | Жұмбақ жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                              |
|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|
|                                 | <p>жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p>                                                                                                                                                                                                                                        | <p>ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br/>Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу.<br/>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br/>Төленді Нұрмұхамедов "Жауын".<br/>Қызыл отты қамшысы<br/>Көкке жарқыл шашады,<br/>Еркебұлан тамшысы<br/>Домаланып қашады.</p> <p>Жаңбыр жауып өтеді:<br/>Қуанады сарғалдақ.<br/>Дала жайнап кетеді,<br/>Бір шомылып алғанда-ақ!</p> | <p>баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.</p> | <p>өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br/>Қастек Баянбаев "Таңертең".<br/>Ерте тұрғым келмейді,<br/>Бірақ тағы тұрамын.<br/>Көзім түк те көрмейді,<br/>Естімейді құлағым.<br/>Суды ағызып ақырын,<br/>Жуған болам бетімді.<br/>Кешегі көп ақылым<br/>Кеміп қалған секілді.<br/>Бала баққа бүгін де<br/>Барғым келе қоймайды.<br/>Жақсы көрем үйімде<br/>Кейде жеке болғанды.<br/>Бірақ үйден шығамын<br/>Қол ұстасып көкеммен.<br/>Ашылып көз-құлағым,<br/>Бала баққа жетем мен.</p> | <p>суреттері болу керек.</p> |
| <p><b>Серуенге дайындық</b></p> | <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br/>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                              |

|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | қызметіне<br>белсенділіктерін<br>арттыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|  | <p>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар "Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету.</p> <p>"Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> | <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Әженің бауырсақтары".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту.</p> | <p>«Қаржылық сауаттылық». Ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға негізгі экономикалық ұғымдарының бірі, жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықшалармен таныстыру; «бір», «көп» ұғымдарын ажыратуға көмектесу; қоғамдық орындардағы мінез — құлық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Ақ бидай".</p> | <p>Сурет салудан ойын-жаттығулар "Тандыр нан".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру;</p> <p>элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын,</p> | <p>"Бауырсақ" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту.</p> <p>Театр өнеріне машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                          | Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  | Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту.<br>"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. | көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.<br>Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай".<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айқастыру)<br>Жалпақтап. |  |
| <b>2-ші таңғы ас</b>     | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету; белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге бәтәңкесінің бауын байлау, түймелерін түймелеу, киімдерін іліп немесе ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге, тазалау, кептіру және тағы басқа іскерліктерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |

|               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|               | <p>Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Апайдың сөзін тыңдайық,<br/>Жамандықтан сақ болайық,<br/>Қауіпсіздік ережелерін<br/>Біліп жүріп орындайық.<br/>Бейтаныс жағдай болса -<br/>Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуен</b> | <p>Күн - жылу мен жарық көзін бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер</p>                                                                                                                                                                                                                               | <p>Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды желдің қасиеттерін тануға қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер</p> | <p>«Қауіпсіздік». Жүк көлігін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың жүк көлігі туралы түсініктерін қалыптастыру, оның қызметі мен сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. Бақылауда қауіпсіздік ережелерін бекіту.</p> <p>Гүрілдеп жүремін мен,</p> | <p>Ауа райын бақылауды жалғастыру (бұлтты күн). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру; бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Мүбәрәк Жаманбаинов "Жаңбыр"</p> <p>Аспанда бұлт түйілді, Жерде ойнатты</p> | <p>Жерге түскен жапырақтарды бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күзгі маусымдық өзгерістермен таныстыру; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> <p>Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту.</p> <p>Олардың түстерін атау.</p> <p>Ш. Ахметов «Күз».</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу.</p> <p>Күнге қарап отырып, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.</p> <p>- Күнге қарағанда өзінді қалай сезінесің?</p> <p>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?</p> <p>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.</p> <p>Біраз уақыттан кейін балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді.</p> <p>Күн көзінде заттың</p> | <p>жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. (тыныс алу жаттығуы)</p> <p>Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз.</p> <p>- Мен "Жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер.</p> <p>- Мен "Жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. (еңбек</p> | <p>Бақтан алма әкелем. Қанекей, қақпаны ашыңдар, Аула жолынан қашыңдар.</p> <p>Төгілген аулаға Алманы да, картопты да,</p> <p>Еңбек жемісін қадірлеп, Жинайық біз қоймаға. (Д. Ахметова)</p> <p>Балаларға көлік қозғалысын бақылауды ұсынады. Машинаның өздігінен жүрмейтінін, оны жүргізуші басқаратынын түсіндіреді. Машинада кузов, кабина, дөңгелек, рөл болатынын айтады.</p> <p>Бұл – үлкен, жүк таситын көлік. Ол жүк тасиды, жолмен жүреді, дыбыс шығара алады.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта,</p> | <p>құйынды.</p> <p>Табиғат отпен қол қойып,</p> <p>Ақырып бұлтқа бұйырды:</p> <p>Жу егінді, бақшаны!</p> <p>Көшедегі бас шаңды</p> <p>Бұлт бұйрықтан аспады,</p> <p>Жаңбыр жауа бастады.</p> <p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр!</p> <p>Жау, жаңбыр!</p> <p>Арық суы мол болсын!</p> <p>Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерің шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)</p> | <p>Бұлттар төніп, Жерге шөгіп, Дымқыл тұман басады.</p> <p>Шөп сарғайып, Өңі тайып,</p> <p>Дала сұрқы қашады.</p> <p>Ал, балалар, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: балаларға жұмбақ жасыру.</p> <p>Жазда тұрып жоғары, Күзде жерге қонады. (Жапырақ.)</p> <p>Аспай піскен, Қайнамай піскен. (Жеміс.)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; өзгенің</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>қызатынына қорытынды жасау. «Өнегелі тәрбие».</p> <p>Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Күн түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттері: қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір" ("күн шықты"), "тұр"</p> | <p>дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сай бірігіп ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті</p> | <p>жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік.</p> <p>Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді</p> | <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын,</p> | <p>еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, такпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық</p> <p>Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
